5. Қандай да бір іс-әрекет толық орындалған жоқ (ұңғы жапсырмасымен газ түтігінің тұйықтағышы ойығына дейін түскен жоқ, сүмбі орнында қалып қалды немесе толық орнына тұрған жоқ, бекітпе шығарылған жоқ, ұңғы қорабының қақпағы толық орнына қосылған жоқ).

6. Автоматтың жинақтау тәртібі бұзылған.

**Штрафтар:**

- әр қате +5 секунд;
- өрескел қате (оқжатарды ажыратпай бөлшектеуге кірісу) +10 минут.

**Этап D — жергілікті жерде бағдарлау («магниттік азимутты анықтау»)**

Командир келу туралы баяндама береді. Төреші баяндамадан кейін тиісті бағдарды көрсетіп, азимутты анықтауға рұқсат береді. Командир 5-10м белгіленген нүктеден Адрианов компасымен сол көрсетілген бағдарға магниттік азимутты анықтайды.

Бір ғана жауап беріледі, рұқсат етілген қателік  $\pm 3^\circ$ .

**Штраф:**

- қате жауап +2 минут.

**Этап E — «ластанған учаскені» еңсеру**

Қатысушылар сапқа тұрады. Командир келу туралы баяндама береді.

Командирдің баяндамасынан кейін, төрешінің «ГАЗДАР!» командасымен барлық қатысушылар газтұмылдырықты киеді. 30 м учаскені кезекпен өтеді. Бөлімше командирі бір-бірден өтуге жіберіп тұру керек.

Шығар жерге жеткен соң газтұмылдырықты шешіп, сөмкеге дұрыс салып, бекітеді.

**Қателер:**

- газтұмылдырықтар өлшемдері қатысушыларының бас өлшемімен сәйкес емес;
- көзді жұмған жоқ, дем алуды тоқтатқан жоқ, киіп болған кезде толық демді шығарған жоқ;
- бет бөлігі дұрыс киілген жоқ, көзілдіріктер көздерімен сәйкес келмейді;
- шлем-маскада бүгілген жерлері бар;
- сүзгілі-сіңіруші құты бос болып тұр, жақсы бұралмаған;
- сөйлесу;
- учаскеде екі адамның болуы.

**Штраф:**

- әрбір қателік +10 секунд.

**Этап F — инженерлік кедергіні «тышқанқақпанды» еңсеру**

Қатысушылар сапқа тұрып, командир келу туралы баяндама береді. Баяндамадан кейін төреші бірден өтуге рұқсат береді. Қатысушылар 2 м ені, 10 м ұзындығы және 50 см биіктігі бар учаскені кезек – кезекпен тартылған жіптердің астынан еңбектеп өтеді, жіптерді тигізуге болмайды (кез келген орындау тәсілдері есепке алынады). Бірден екі қатысушы «тышқанқақпанға» кірмеу керек, бөлімше командирі соны қадағалау тиіс.

**Штрафтар:**

- екі немесе одан көп адамның бір мезетте кезеңде болуы +10 секунд;
- жіпті әр тигізу +10 секунд.

## Этап G — «жаралыны» эвакуациялау

### Сипаттама:

Қатысушылар плащ-палатка көмегімен жаралыны тасымалдауы тиіс.

Жарақат бойынша шарт:

- сол аяғының сирақ бөлігі — оқтан тесіп өткен жарақат, қан жоғалту;
- оң қолдың білегі — сынған.

Командир келу туралы баяндама береді. Баяндамадан кейін төреші медициналық көмекті көрсетуге рұқсат береді. 3х3м шаршының ішінде бір қатысушы жерге жатады, қалғандары оған көмек көрсетеді. Шаршыны белгілейтін жіптерді басуға болмайды. Алғашқы медициналық көмекті аяқтағаннан кейін барлығы МӘРЕГЕ қарай жылжиды.

### Көрсетуі тиіс көмек:

- жгутты дұрыс салу;
- жараға қысатын таңғыш салу (7×14 см бинт толығымен пайдаланылуы тиіс);
- оң қолға иммобилизация (5×10 см бинтпен);
- жаралыны плащ-палаткаға орналастырып, қауіпсіз тасымалдау.

### Штрафтар:

- бинт немесе салфетканы жерге түсіру;
- дұрыс емес таңғыш, әлсіз;
- бинт толық пайдаланылмауы **+2 минут**;
- дұрыс емес иммобилизация;
- жгуттың әлсіз салынуы;
- уақыттың көрсетілмеуі;
- белгілерді басып кету;
- қоқыс қалдыру;
- қаруды ұқыпсыз ұстау.

Әр қателік **+5 секунд**.

### МӘРЕ

Команданың барлық мүшесі мәреге келу тиіс. Уақыт соңғы қатысушының мәре сызығын кесіп өтуімен уақыт өлшегіш (секундомер) тоқтатылады.

### Жеңімпазды анықтау

1. Команданың нәтижесі — 4 қатысушының сөреден мәреге дейінгі жалпы уақыты.
2. Жеңімпаз — барлық жазаларды ескере отырып, ең аз уақыт көрсеткен команда.
3. Тең нәтиже болғанда:
  1. ПВ винтовкасынан ату;
  2. граната лақтыру;
  3. аз штраф жинауы есепке алынады.

**Бірінші күн. 14:00-ден кейін.**

Пневматикалық винтовкадан ату.

**Жарыстың бағдарламасы:**

Атыс пневматикалық мылтықтан 10м қашықтықта жатып орындалады (*Нысана №8, көздеу аспабы ашық*). Бірден сынаққа 5 рет ату, есепке алынады, алдын ала атуға берілмейді.

Жұлделі орындар командалық есепте ең көп ұпай (30 кем емес) қосындысы арқылы анықталады және жеке есепте (25 кем емес). Ұпай саны тең болған жағдайда, басымдылық оңға (тоғызға, сегізге т.с.с) тигізген қатысушыға беріледі.

#### **Жарысқа қатысушылардың міндеттері:**

- жарыстың бағдарламасын білу;
- қауіпсіздік ережелерді сақтау;
- атысты жүргізу кезіндегі пәрмендерді бұлжытпай орындау;
- әр командада өздерінің мылтықтары болуы шарт (*мылтықсыз жарысқа команда қатыса алмайды*).

#### **Жарыстың қатысушыларына тыйым салынады:**

- төрешілік жасауға кедергі келтіруге;
- диоптриялық және оптикалық көздеу аспаптарын қолдануға;
- есепке жүргізетін атысты реттеуге болмайды;
- судьялар мен жарыстың басқа қатысушыларының іс – әрекеттері мен шешімдеріне қанағаттанбауды білдіру;
- төрешінің рұқсатынсыз орынды кетіп қалдыру.

#### **Қатысушылар (команда) келесі негіздері бойынша дисквалификацияланады:**

- тиісті киім үлгісінде келмегені үшін;
- кез келген мүшеге физикалық немесе моральдық қорлау көрсету;
- атыс кезіндегі және ату тирдан тыс жерде қарумен қауіпсіздік ережелерін бұзғаны үшін;
- бәсекелесті ұйымдастырушылардың заңды және ақылға қонымды талаптарына бағынбау.

#### **Екінші күн. 13:30-ға дейін.**

Республикалық кезеңнің бағдарламасына «Отан қорғаушы» жарысының бес түрі енгізіледі:

1. Жоғары белтемірге тартылу.
2. Отыру қалпынан жоғарыға секіру.
3. Тіреліп жатып қолды бұгу және жазу.
4. Арқаға жатып, денені көтеру.
5. Тіреліп отырып, тіреліп жату қалпына және қайтадан тіреліп отыруға секіріп ауысу.

#### **1. Жоғары белтемірге тартылу**

Бұл жаттығуды орындауға арналған киім үлгісі – бас киімсіз және белдіксіз камуфляждалған әскери киім, спорттық аяқ киім.

Спортшы бастапқы шепте гимнастикалық қалып қабылдайды. Төреші оған қарағанда, спортшы саптық қалыпқа тұрады. «Снарядқа» командасы бойынша турникке жақындап, ілініп тұру қалпын қабылдайды. Төрешімен дайындық туралы келісілгеннен кейін тартылуды бастайды.

#### **Жаттығуды орындау кезіндегі міндетті талаптар:**

- Қолмен қайта ұстап өзгертіп ұстауға қатаң тыйым салынады. Бұл талап бұзылған жағдайда қатысушы жаттығуды орындаудан шеттетіледі.
- Тартылу жоғары техникалық деңгейде орындалуы тиіс.
- Қатысушының иегі турник деңгейінен 1–2 см жоғары шығуы керек.
- Аяқтың өкшесі мен ұштары бірге ұсталады, аяқтарды артқа сермеуге рұқсат етілмейді.

Жаттығудың дұрыс орындалуы төрешінің «БАР!» («ЕСТЬ») командасымен белгіленеді. Қатысушы төменгі ілініп тұру қалпына түскен кезде судья орындалған жаттығулар санын (мысалы, «БІР») хабарлайды.

#### **Бұзушылықтар:**

- Аяқтың ұшын тарқату;
- Иектің турник деңгейінен жоғары шықпауы;
- Сермеп тартылу.

Бұл жағдайда төреші есеп жүргізбейді және ескерту жасайды. Қайта бұзылса – ескерту жарияланады. Одан кейінгі бұзушылықта спортшы жаттығуды орындаудан шеттетіледі.

Жаттығуды орындау кезінде 3 секундтан артық демалуға болмайды. Егер спортшы төменгі ілініп тұрған күйде тоқтаса, төреші санау жүргізеді («БІР, ЕКІ, ҮШ»). «ҮШ» дегеннен кейін спортшы жаттығуды бастамаса, нормативті орындауды тоқтатты деп есептеледі.

#### **2. Отыру қалпынан жоғарыға секіру**

Бұл жаттығуды орындауға арналған киім үлгісі – бас киімсіз және белдіксіз камуфляждалған әскери киім, спорттық аяқ киім.

Жаттығу гимнастикалық матта (арнайы төсеніште) орындалады, ол қону кезінде тізенің жарақат алуын болдырмайды.

#### **Бастапқы қалып:**

Спортшы бір тізесімен отырып, қолдарын бастың артында айқастырып ұстайды. төрешінің командасы бойынша спортшы жоғарыға секіреді. Секіру биік емес, бірақ дене мен аяқ толық жазылатын деңгейде болуы тиіс және секіру фазасының талаптарына сай (екі аяқ та тірекке тимеуі керек). Қонған кезде спортшы екінші тізесіне түседі, яғни аяқтарының қалпын алмастырады. Бастапқы қалыпта және қону сәтінде алда тұрған аяқтың өкшесінен тізеге дейінгі арақашықтық **5–10 см-ден аспауы** тиіс.

#### **Төреші жаттығуды есептемейтін жағдайлар:**

- Қолдардың бастың артында айқастырылмауы;
- Тірекке тіземен жанаспай қону;
- Секіру фазасының талаптары орындалмауы (аяқ пен дененің толық жазылмауы).

Жаттығу еркін ырғақпен орындалады, алайда **тоқтауға жол берілмейді**.

#### **3. Тіреліп жатып қолды бүгу және жазу (отжимание)**

Бұл жаттығуды орындауға арналған киім үлгісі – бас киімсіз және белдіксіз камуфляждалған әскери киім, спорттық аяқ киім.

Жаттығу қатты әрі тегіс жерде орындалады.

#### **Бастапқы қалып:**

Спортшы тіреліп жатып, қолдарын иық кеңдігінде қояды. Дене түзу болуы тиіс, белді түсіру немесе жамбасты иық деңгейінен жоғары көтеру рұқсат етілмейді.

Аяқтар бірге, аяқтың алдыңғы бөлігімен тіреледі. Жаттығуды орындау төрешінің командасымен басталады.

Қолды бұғу кезінде спортшы төмен түсіп, кеудесі судьяның алақанына немесе төменгі деңгейді белгілейтін арнайы құрылғыға тиеді. Қолды жазу кезінде спортшы шынтақ буынын толық жазып, бастапқы қалыпқа оралады. Дене бөліктерінің барлығы бір уақытта қозғалып, дене горизонталь бетке қатысты түзу күйде болуы керек.

**Толқын тәрізді қозғалыс жасауға қатаң тыйым салынады.**

**Дұрыс орындалған жағдайда** төреші спортшы жоғары тұрған кезде есепті жариялайды.

Егер жаттығу ережелері бұзылса, төреші есеп жүргізбейді, ескерту жасайды, кейін екінші рет бұзылса — ресми ескерту береді, ал ары қарай бұзушылық жасалғаса спортшы нормативті орындаудан шеттетіледі.

Жаттығуды орындау кезінде **3 секундтан артық демалысқа рұқсат етілмейді.**

Егер спортшы жоғары қалыпта тоқтаса, судья санауды бастайды («БІР, ЕКІ, ҮШ»). «ҮШ» санынан кейін спортшы қозғалысты бастамаса, нормативті орындауды аяқтады деп есептеледі.

#### **4. Арқаға жатып денені көтеру**

Бұл жаттығуды орындауға арналған киім үлгісі – бас киімсіз және белдіксіз камуфляждалған әскери киім, спорттық аяқ киім.

Жаттығу гимнастикалық төсеніште (арнайы төсемеде) орындалады. Орындау уақыты **2 минут.**

##### **Бастапқы қалып:**

Спортшы гимнастикалық төсенішке отырып, қолдарын бастың артында саусақтарын айқастырып (ілестіріп) ұстайды. Аяқтары тізеден  $45^\circ$  бұрыш жасап бүгіледі. Төрешінің командасымен спортшы арқаға жатып, жауырындары төсенішке толық тиюі тиіс, содан кейін тік қалыпқа көтеріліп, шынтағымен қарсы жақ тізесіне тиюі қажет. Қозғалыс келесі жаққа дәл сол тәртіппен қайталанады.

**Міндетті шарт — шынтақ тізе буынының жоғарғы бөлігіне тиюі.**

Жалпы берілген уақыт ішінде спортшы **отырып демалуға рұқсат етіледі.**

Төреші тек дұрыс орындалған қозғалыстарды санайды. Егер жаттығу шарттары бұзылса, төреші есеп жүргізбейді, ескерту, кейін екінші рет бұзса — ресми ескерту жасап, ары қарай спортшыны жаттығудан шеттете алады.

##### **Негізгі қателіктер:**

- жауырындар гимнастикалық төсенішке тимеуі;
- шынтақтың тізеге тимеуі;
- қолдардың бастың артында айқастырылмаған болуы.

#### **5. Тіреліп отырып, секіріп «тіреліп жату» қалпына ауысу және қайта оралу**

Бұл жаттығуды орындауға арналған киім үлгісі – бас киімсіз және белдіксіз камуфляждалған әскери киім, спорттық аяқ киім.

Жаттығу қатты әрі тегіс жерде орындалады. Орындау уақыты **1 минут.**

##### **Бастапқы қалып:**

Тіреліп отырып, қолдар тік, тізелер қолдардың жазықтығына қарағанда 4–5 см алға шығарылған, аяқтың алдыңғы бөлігі (тұмсығы) жерге тіреледі.

Төрешінің белгісімен спортшы секіріп «тіреліп жату» қалпын қабылдайды, содан соң бастапқы қалыпқа қайта оралады.

Жаттығудың дұрыс орындалуы төмендегі шарттармен бағаланады:

- тізелер төрешінің алақандарына міндетті түрде тиюі керек;
- «тіреліп жату» қалпында дене түзу, аяқтар толық жазылған болуы тиіс.

Төреші тек дұрыс орындалған қозғалыстарды санайды. Ереже бұзылса — есеп жүргізілмейді, ескерту беріледі, содан соң ресми ескерту, әрі қарай қайталанса — спортшы жаттығуды орындаудан шеттетіледі.

**Негізгі қателіктер:**

- тізелер төрешінің алақанына тимеуі;
- «тіреліп жату» қалпында аяқтардың толық жазылмауы.

Жалпы берілген уақыт аясында спортшыға «тіреліп отыру» қалпында демалуға рұқсат етіледі.

**Дисквалификация және санкциялар**

1. Қатысушыны/команданы дереу дисквалификациялау мына жағдайларда:
  - қарумен қауіпсіздік шараларын қатаң бұзу;
  - қасақана қауіпті жағдай жасау;
  - төрешілерге дөрекі сөз айту.
2. Кішігірім бұзушылықтар (киім ережесін бұзу, кешігу) — уақытша санкциялар төрешілер алқасыныңсының шешімімен.
3. Дисквалификация кезінде команда турнирлік кестеде соңғы орын алады.

**Төрешілік және шағымдар**

1. Төрешілікті төрешілер алқасы жүзеге асырады, оның шешімдері міндетті түрде орындалады.
2. Даулар мен шағымдар кезең нәтижесі жарияланғаннан кейін 30 минут ішінде жазбаша түрде қабылданады.

**Марапаттау**

1. Сыйлықтар — командалардың орындары (1–3), мадақтамалар, медальдар, кубоктар.
2. Марапаттау ресми нәтижелер жарияланғаннан және апелляциялар тексерілгеннен кейін өтеді.

**Басқа ережелер**

1. Ұйымдастырушы қауіпсіздік мүддесі немесе экстремалды ауа райы жағдайында ережеге өзгерістер енгізу құқығын өзінде қалдырады. Командалар бұл өзгерістер туралы кезең басталуға 1 сағат қалғанда хабардар етіледі.
2. Барлық даулы мәселелерді басты төрешілер алқасы шешеді.
3. Жарысқа жолда және өткізу кезінде бағалы заттар мен киімдердің қауіпсіздігіне жауап берушілер — команданың өкілдері мен басшылары. Қатысушылардың өмірі мен денсаулығына жауапты — білім беру ұйымдарының бірінші басшыларының бұйрығымен бекітілген команданың өкілі.

**Ескерту:**

Тәртіпті бұзу жағдайында, жарыс орны шегінде де, одан тыс жерде де, команда жарыстан алынып тасталады.

**27. Садақ ату (ұ., қ.)**  
Команда құрамы 8+8;+2+1+1

| №  | Жасы          | Қатысушылар саны | Жаттықтырушылар | Төреші | Өкіл | Команда құрамы |
|----|---------------|------------------|-----------------|--------|------|----------------|
| 1. | 2009 (ұ., қ.) | 8+8              | 2               | 1      | 1    | 7              |

Команда құрамы: Классикалық садақ 2009 ж.т. және одан жас 4 ұл + 4 қыз  
Компаунд садақ: 2009 ж.т. және одан жас 4 ұл + 4 қыз +1 өкіл+2  
жаттықтырушы+1 төреші Барлығы 20 адам.

Жарысқа 2009 ж.т. және одан кіші оқушылар жіберіледі.

Классикалық садақ:

ұлдар, қыздар: (4+4)

Компаунд садақ:

ұлдар, қыздар: (4+4)

Жарыстар қолданыстағы қағидаларға сәйкес өткізіледі.

**Бағдарлама:**

|                               |                  |                      |
|-------------------------------|------------------|----------------------|
| Жеке жарыстар                 | Бастапқы айналым | Олимпиадалық айналым |
| Ұлдар<br>(классикалық садақ)  | 60 м. + 60 м.    | 60 м.                |
| Қыздар<br>(классикалық садақ) | 60м. + 60 м.     | 60 м.                |
| <u>Компаунд ұлдар</u>         | 50 м. + 50 м.    | 50 м.                |
| <u>Компаунд қыздар</u>        |                  |                      |

Командалық жарыстар: жеке жарыстар:

|        |   |      |                              |
|--------|---|------|------------------------------|
| ұлдар  | \ | микс | Олимпиадалық айналым<br>60м. |
| қыздар |   |      |                              |

|          |        |   |                              |
|----------|--------|---|------------------------------|
| Компаунд | ұлдар  | \ | Олимпиадалық айналым<br>50 м |
| Компаунд | қыздар |   |                              |

Классикалық садақ түрінен командалық жарыстар: жеке жарыстар 122 см нысан бойынша өткізіледі.

Компаунд садақ түрінен командалық жарыстар: жеке жарыстар 80 см нысан бойынша өткізіледі.

**Жарыс бағдарламасы:**

**1 - ші күн** - Қатысушылардың келуі.

**2 - ші күн** - Ресми атып байқау күні (барлық санаттар).

Мандаттық комиссия, төрешілер алқасының отырысы, капитан - жаттықтырушы - өкілдердің митингі.

Ашылуы салтанаты

**3-ші күн** – Квалификация 60+60 м/50+50м.

**4-ші күн** – Барлық санаттар бойынша олимпиадалық айналым финалға дейін.

**5-ші күн.** Барлық санаттар бойынша Командалық және команда МІХ финалға дейін.

**6-шы күн-** Финалдық жарыстар (олимпиадалық айналым, командалық және команда МІХ) (барлық санаттар). Жарыстың жабылуы, марапаттау, командалардың кетуі.

Командалық орындар бағдарламаның барлық түрлерінде жиналған ұпайлардың қосындысымен анықталады.

Жалпы командалық орындар барлық жастағы ұлдар мен қыздар арасында бірлесіп анықталады.

**7-шы күн** - Командалардың қайту күні

## 28. Бала Толағай (ұ.)

Команда құрамы 6;+1+1

| №  | Жасы                   | Қатысушылар саны | Жаттықтырушылар | Өкіл | Команда құрамы |
|----|------------------------|------------------|-----------------|------|----------------|
| 1. | 2011-2012 ж.т.<br>(ұ.) | 6                | 1               | 1    | 8              |

| Ойыншылардың жас топтары | Сайыс түрі                                      |
|--------------------------|---|
| 2011-2012 ж.т. (ұ.)      | Найзаны оң немесе сол қолмен қашықтықта лақтыру |
|                          | 8 кг қапты көтеріп қашықтықта апару             |
|                          | 10 келілік серкені иыққа салып отырып - тұру    |
|                          | Лянганы уақытқа тебу                            |
|                          | Арқан тарту                                     |

### 1. Найзаны оң немесе сол қолмен қашықтықта лақтыру

Найзаны оң немесе сол қолмен 5 метрде тұрған нысанаға тигізу қажет. Нысананың өлшемі 1 метр. 10 есептік нысана болуы қажет. Ортаға тигізсе 10 ұпай, қалған ұпайлары 9 дан бастап тигізуіне байланысты төмендей береді. Уақыт шектеусіз. Қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы қажет. Негізгі құрамның 5 қатысушыда лақтырады. 5 қатысушының ұпайы қосылып команданың жалпы ұпайы есептеледі. Ең үздік нәтиже көрсеткен спортшыға «Ең мерген» номинациясы беріледі.

### 2. 8 кг қапты көтеріп қашықтықта апару

Қапты апару арақашықтығы 30 метр. 8 кг қапты белгіленге нүктеге апарып кері қайту керек (60 метр). 5 қатысушыда қатысады. 5 қатысушының ұпайы қосылып команданың жалпы ұпайы есептеледі. Ұпай саны команда санына байланысты беріледі. Ең үздік уақыт көрсеткен команда, команда санына

байланысты ең жоғарғы ұпайды алады және төмендей береді. Ең үздік нәтиже көрсеткен спортшыға «Ең жүйрік» номинациясы беріледі.

### **3. 10 келілік серкені иыққа салып отырып – тұру**

10 келілік серкені 45 секунд ішінде екі қолды алдыға құшақтап отырып тұру қажет. 5 қатысушыда қатысады. 5 қатысушының ұпайы қосылып команданың жалпы ұпайы есептеледі. Ұпай саны команда санына байланысты беріледі. Ең үздік нәтиже көрсеткен команда, команда санына байланысты ең жоғарғы ұпайды алады және төмендей береді. Ең үздік нәтиже көрсеткен спортшыға «Күш атасы» номинациясы беріледі.

### **4. Лянганы уақытқа тебу**

Лянганы 1 минут ішінде тебу қажет. 2 мүмкіндік беріледі. 1 минут ішінде 2 рет лянганы құлатқан жағдайда уақыты тоқтатылып жинаған ұпайы беріледі. Лянганың салмағы 1-2 гр болады. 5 қатысушыда қатысады. 5 қатысушының ұпайы қосылып команданың жалпы ұпайы есептеледі. Ұпай саны команда санына байланысты беріледі. Ең үздік нәтиже көрсеткен команда, команда санына байланысты ең жоғарғы ұпайды алады және төмендей береді. Ең үздік нәтиже көрсеткен спортшыға «Ең епті» номинациясы беріледі.

### **5. Арқан тарту**

Арқан тарту команда санына байланысты топшаларға бөлінеді. Топтық ойындар айналмалы жүйеде өтеді. 1 топтан 2 команда шығады.

## **Арқан тартудан топтық ойындар кестесінің үлгісі**

### **2 топша (подгруппа)**

**Топтық ойындар айналмалы жүйеде өтеді.**

| <b><u>А тобы</u></b> | <b><u>В тобы</u></b> |
|----------------------|----------------------|
| 1 команда            | 1 команда            |
| 2 команда            | 2 команда            |
| 3 команда            | 3 команда            |
| 4 команда            | 4 команда            |

### **Жартылай финалдық ойындар**

1 ойын: А1-В2

2 ойын: В1-А2

### **Финалдық ойындар**

**3-4 орындар үшін**

(жартылай финалдық ойындарда жеңілген командалар арасында)

**1-2 орындар үшін**

(жартылай финалдық ойындардағы жеңген командалар арасында)

### **3 топша (подгруппа)**

**Топтық ойындар айналмалы жүйеде өтеді.**

| <b><u>А тобы</u></b> | <b><u>В тобы</u></b> | <b><u>С тобы</u></b> |
|----------------------|----------------------|----------------------|
| 1 команда            | 1 команда            | 1 команда            |

|           |           |           |
|-----------|-----------|-----------|
| 2 команда | 2 команда | 2 команда |
| 3 команда | 3 команда | 3 команда |
| 4 команда | 4 команда | 4 команда |

### Жартылай финалдық ойындар

1 ойын: A1-C2

2 ойын: C1-B2

3 ойын: B1-A2

### Финалдық ойындар

(3 команда арасында айналмалы жүйеде өткізіледі)

### 4-6 орындар үшін

(жартылай финалдық ойындарда жеңілген командалар арасында айналмалы жүйеде өткізіледі)

### 1-3 орындар үшін

(жартылай финалдық ойындардағы жеңген командалар арасында айналмалы жүйеде өткізіледі).

### 4 топша (подгруппа)

Топтық ойындар айналмалы жүйеде өтеді.

| <u>А тобы</u> | <u>В тобы</u> | <u>С тобы</u> | <u>Д тобы</u> |
|---------------|---------------|---------------|---------------|
| 1 команда     | 1 команда     | 1 команда     | 1 команда     |
| 2 команда     | 2 команда     | 2 команда     | 2 команда     |
| 3 команда     | 3 команда     | 3 команда     | 3 команда     |
| 4 команда     | 4 команда     | 4 команда     | 4 команда     |

### ¼ ойын

1 ойын: A1- D2

2 ойын: D1-A2

3 ойын: B1- C2

4 ойын: C1- B2

### ½ Жартылай финалдық ойын

### 5-8 орындар үшін

1 ойын: ¼ ойындарда 1 және 4 ойындарда жеңілген командалар арасында

2 ойын: ¼ ойындарда 2 және 3 ойындарда жеңілген командалар арасында

### 1-4 орындар үшін

3 ойын: ¼ ойындарда 1 және 4 ойындарда жеңген командалар арасында

4 ойын: ¼ ойындарда 2 және 3 ойындарда жеңген командалар арасында

### Финалдық ойындар

### 3-4 орындар үшін

**1 ойын:** ½ ойындарда ұтылған командалар арасында

### 1-2 орындар үшін

**2 ойын:** ½ ойындарда жеңген командалар арасында

5 қатысушыда қатысады. Ұпай саны команда санына байланысты беріледі. Ең үздік уақыт көрсеткен команда, команда санына байланысты ең жоғарғы ұпайды алады және төмендей береді. Ең үздік нәтиже көрсеткен спортшыға «Ең епті» номинациясы беріледі.

#### Байланыс номері:

8701 665 0966 Спатаев Тимур Даулетбақұлы Қазақстан Республикасы «Толағай» ұлттық спорт федерациясы.

### 29. Сылдырмалы доп (ұ., қ.)

Команда құрамы 8+8;+2+1+1

| №  | Жасы          | Қатысушылар саны | Жаттық тырушылар | Төреші | Өкіл | Команда құрамы |
|----|---------------|------------------|------------------|--------|------|----------------|
| 1. | 2009 (ұ., қ.) | 8+8              | 2                | 1      | 1    | 20             |

Финалдық кезең әр жас санаты бойынша бөлек келесі тәртіпте өткізіледі:

| Ойыншылардың жасы | Күн саны | Өткізу уақыты (2022 ж.)     |
|-------------------|----------|-----------------------------|
| 2007-2009 ж.т.    | 6        | Алматы қ.<br>(25-30 наурыз) |
| 2010-2012 ж.т.    | 6        | Алматы қ.<br>(25-30 наурыз) |

## **IV. ТУРНИРДІҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ МЕН ШАРТТАРЫ**

4.1. Турнирде көру бойынша мамандандырылған және инклюзивті мектептердің құрама командалары, екі жас тобында қатысады:

4.1.1. Бірінші жас тобы - 2007-2009 ж.ж. ұлдар

- 2007-2009 ж.ж. қыздар

4.1.2. Екінші жас тобы - 2010-2012 ж.ж. ұлдар

- 2010-2012 ж.ж. қыздар

- 4.2. Көру бойынша мамандандырылған және инклюзивті мектептердің оқушылары осы Ереженің барлық талаптарын сақтай отырып, турнирге өздері оқитын өз мектептерін ұсынуға құқылы.
- 4.3. Республикалық турнирге қатысатын барлық ойыншылар ҚР «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңының, № 31 бап негізінде турнирге дайындық және қатысу кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандырылуға жатады. Міндетті сақтандыруға жауаптылар - білім беру басқармаларының басшылары, жаттықтырушы-оқытушылар, дене шынықтыру мұғалімдері. Жолда және жарыс кезінде спортшылардың қауіпсіздігі мен денсаулығына команда өкілдері мен жаттықтырушылар, оқытушылар жауап береді.
- 4.4. Турнирді өткізу форматы қатысушы командалардың санына байланысты ұйымдастыру комитетімен анықталады. Екінші кезеңге бірінші кезеңде бірінші орын алған командалар шығады.
- 4.5. Турнирдің екінші кезеңіне өтінім берген кезде командалар тиісті ұйымдастыру комитетіне келесілерді ұсынады:
- өтінім парақтарын. Команданың өтінім парағына 6 ойыншыдан, бір жаттықтырушыдан, бір төрешіден және команданың бір өкілінен аспайтын адам саны енгізіледі. Өтініш парағын дәрігер және мектеп директоры растайды.
  - паспорт - 2-ші жас санаты үшін. Паспорт немесе жеке куәлік - 1-ші жас санаты үшін, сондай-ақ мүгедектік туралы анықтама.
  - қол қойылған құжаттардың түпнұсқалығы үшін толық жауапты директор куәландырған фотосуреті және мектеп мөрі бар оқушының жеке парағы.
  - облыстық білім Басқармасының бұйрығы Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларына қатысушыларды атаулы атап шығумен іссапарға жіберуге.
- Жоғарыда аталған құжаттары жоқ командаларға турнирдің екінші кезеңіне қатысуға рұқсат етілмейді.
- 4.6. Турнирдің өткен бірінші кезеңін өткізу туралы есептерді тиісті ұйымдастыру комитеті ҚГФ-не ұсынады.
- 4.7. Турнир матчтарының ұзақтығы:

| <b>Ойыншылардың жасы</b> | <b>Таймдар саны</b> | <b>Таймның ұзақтығы</b> | <b>Үзілістің ұзақтығы</b> |
|--------------------------|---------------------|-------------------------|---------------------------|
| 2007-2009 ж.ж.           | 2                   | 12 минут                | 5 минут                   |
| 2010-2012 ж.ж.           | 2                   | 9 минут                 | 5 минут                   |

- 4.8. Турнирді өткізу кезінде матчтың хаттамасына 6 ойыншыдан көп емес енгізілуі мүмкін.
- 4.9. Барлық ойындар IBSA Голбол ойынының халықаралық Ережелеріне сәйкес өткізіледі.

Анықтама телефоны: 8 777 267-02-51 Шпехт Андрей Валерьевич

## ОЙЫН ЕРЕЖЕЛЕРІ

- 6.1. Республикалық турнирдің ойындары «IBSA голболының Ресми Ережелеріне» және осы Регламентке сәйкес өткізіледі.
- 6.2. Инклюзивті мектептерге команда құрамында үш спортшыға дейін мүгедектіксіз болуға рұқсат етіледі. Бірақ ойындарда олар барлық «IBSA голболының Ресми Ережелерін» және осы Регламентті сақтайды.
- 6.3. Республикалық турнирдің ойындары бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі:
  - Аймақтың Республикалық турнирінің бас төрешісі;
  - Республикалық турнирдің бас төрешісі.

### **30. Су добы (ұ.)**

Команда құрамы: 14;+1+1+1

| №  | Жасы               | Қатысушылар саны | Жаттық тырушылар | Төреші | Өкіл | Команда құрамы |
|----|--------------------|------------------|------------------|--------|------|----------------|
| 1. | 2013-2014 ж.ж.(ұ.) | 14               | 1                | 1      | 1    | 17             |

Жарысқа 2013-2014 ж.т. және одан жас, спортшылар дәрігердің рұқсатымен және ата анасының қолхат қағазымен жарысқа кіргізіледі. Жарыс «World aquatics» халықаралық ережелері бойынша өткізіледі.

Мандаттық комиссияны жарыстардың комиссары өткізеді.

Мандаттық комиссиядан өту кезінде командалар мынадай құжаттарды ұсынады: **паспорт, ұйым және дәрігерлік дене шынықтыру диспансері куәландырған атаулы өтінім.**

Мандаттық комиссия ұсынылған құжаттар негізінде спортшылар мен командаларды жарыстарға қатысуға жіберу туралы шешім қабылдайды

**Ойын алаңының, қақпаның, доптың мөлшері :**

\* 13 жасқа дейін-25x20 метр, стандартты қақпалар, №4 доп.

**Нәтижелерді бағалау жүйесі**

**Ұпайды санау жүйесімен рейтингі :**

Барлық матч Дүниежүзілік (World Aquatics) су спорты федерациясының бекіткен ережесімен өтеді . Техникалық жағдайда өзгерістер болуы мүмкін.

**Әр ойында жеңімпаз болуы керек :**

Егер ойын негізгі уақытта тең аяқталса, командалар Ереже бойынша айып сопқысы (пенальти) арқылы жеңімпазды анықтайды.

**Нәтижеге сай төмендегідей ұпай беріледі:**

а) жеңіс = 3 ұпай

б) пенальтиден кейінгі жеңіс = 2 ұпай

в) пенальтиден кейінгі жеңіліс = 1 ұпай

г) жеңіліс = 0 ұпай

Командалар жинаған ұпайына байланысты кестеде өз орынын алады.

**Жарыс бір айналымда өткізіледі, жеңімпаз жинаған ұпай саны бойынша анықталады.**

**31. Стрит ворк-аут (ұ., қ.)**  
Команда құрамы 5+5; 2+1+1

| №  | Жасы                    | Қатысушылар саны | Жаттық тырушылар | Төреші | Өкіл | Команда құрамы |
|----|-------------------------|------------------|------------------|--------|------|----------------|
| 1. | 2009-2010 ж.т. (ұ., қ.) | 14               | 1                | 1      | 1    | 17             |

***ЖАРЫС БАҒДАРЛАМАСЫ***

Жарыс келесі бөлімдер бойынша өткізіледі:

**Ұлдар:**

**Турникке тартылу**

- бастапқы қалып: қолдар толық жазылған;
- иек турник деңгейінен жоғары көтерілуі тиіс;
- сермеуге, секіруге, аяқпен көмектесуге тыйым салынады;
- дұрыс орындалмаған тартылулар есепке алынбайды.

1 минут уақыт беріледі

**Қос сырықта (брусья) қолды бүгіп-жазу**

- қол толық бүгіліп, толық жазылуы тиіс;
- дене тұрақты қалыпта болуы қажет;
- аяқпен тірекке сүйенуге тыйым салынады.

1 минут уақыт беріледі

**Қыздар:**

**Турникке тартылу**

- бастапқы қалып: қолдар толық жазылған;
- иек турник деңгейінен жоғары көтерілуі тиіс;
- сермеуге, секіруге, аяқпен көмектесуге тыйым салынады;
- дұрыс орындалмаған тартылулар есепке алынбайды.

1 минут уақыт беріледі

**Қолды бүгіп жазу (отжимание)**

- Еденге етбетіңнен жат;
- Қолдарыңды иықтың тұсына қой, алақандар еденде;
- Дененді түзу ұстап, аяқтың ұшына тірел;
- Шынтақты бүгіп, денені төмен түсір;
- Сосын қолды жазып, бастапқы қалыпқа қайт.

1 минут уақыт беріледі

### **БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ**

5 ұлда қызда жасайды. 5-інің есебі қосылып жалпы қорытынды ұпай шығады. Ұлдарда турникпен брусьяның есебі қосылып жалпы командалық есеп шығарылады. Қыздарда турникпен отжиманиенің есебі қосылып жалпы командалық есеп шығарылады.

### **ТҮЙІМ САЛЫНАТЫН ӘРЕКЕТТЕР**

- допинг қолдану;
- әдейі уақыт созу;
- төрешілерге құрметсіздік көрсету;
- қауіпсіздік ережелерін бұзу.

### **32. Дәстүрлі садақ ату(ұ., қ.)**

Команда құрамы 3+3;+1+1+1

| №  | Жасы      | Қатысушылар саны | Жаттықтырушылар | Төреші | Өкіл | Команда құрамы |
|----|-----------|------------------|-----------------|--------|------|----------------|
| 1. | 10-12 жас | 1+1              | 1               | 1      | 1    | 9              |
| 2. | 13-15 жас | 1+1              |                 |        |      |                |
| 3. | 16-18 жас | 1+1              |                 |        |      |                |

### **1. Жалпы ережелер**

1.1. Бұл ереже мектеп оқушылары арасында өткізілетін республикалық дәстүрлі садақ ату жарысын ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды.

1.2. Жарыстың мақсаты – ұлттық спорт түрін насихаттау, оқушылардың дене дайындығын арттыру және дәстүрлі садақ ату өнерін дамыту.

1.3. Жарыс Қазақстан Республикасының ұлттық спорт қағидаларына сәйкес өткізіледі.

### **2. Қатысушылар**

2.1. Жарысқа жалпы білім беретін мектептердің құрама оқушылары қатысады.

2.2. Қатысушылар жас ерекшелігіне қарай топтарға бөлінеді:

- 10–12 жас (1+1)
- 13–15 жас (1+1)
- 16–18 жас (1+1)

2.3. Әр қатысушының дәрігерлік рұқсаты болуы міндетті.

### **3. Қару-жарақ және жабдық**

- 3.1. Жарысқа дәстүрлі садақ қана жіберіледі (заманауи спорттық садақтарға тыйым салынады).
- 3.2. Жебелер ағаш немесе дәстүрлі үлгіде болуы тиіс.
- 3.3. Қосымша оптикалық көздеуіштерді, тұрақтандырғыштарды қолдануға рұқсат етілмейді.
- 3.4. Қауіпсіздік мақсатында жебе ұштары стандартқа сай болуы керек.

### **4. Жарыс тәртібі**

4.1. Ату қашықтығы жас ерекшелігіне қарай белгіленеді:

- 10–12 жас – 10–15 м
- 13–15 жас – 15–20 м
- 16–18 жас – 20–30 м

4.2. Әр қатысушыға белгіленген санда (мысалы, 3 немесе 5) жебе атуға рұқсат беріледі.

4.3. Ату тек төрешінің белгісі бойынша жүргізіледі.

### **5. Ұпай санау**

- 5.1. Нысана ортасына тиген жебе ең жоғары ұпаймен бағаланады.
- 5.2. Ұпай саны нысанадағы белгіленген шеңберлерге сәйкес есептеледі.
- 5.3. Даулы жағдайларда соңғы шешімді бас төреші қабылдайды.

### **6. Қауіпсіздік талаптары**

- 6.1. Ату алаңында тәртіп пен қауіпсіздік ережелерін сақтау міндетті.
- 6.2. Төрешінің рұқсатынсыз жебені алу немесе атуға тыйым салынады.
- 6.3. Қауіпсіздік ережесін бұзған қатысушы жарыстан шеттетіледі.

### **7. Жеңімпаздарды анықтау**

- 7.1. Жеңімпаздар ең көп ұпай жинаған қатысушылар арасынан анықталады.
- 7.2. Жеңімпаздар дипломдармен, медальдармен және ұйымдастырушы белгілеген сыйлықтармен марапатталады.

### **8. Қорытынды ережелер**

- 8.1. Осы ережеде қарастырылмаған мәселелерді ұйымдастыру алқасы шешеді.
- 8.2. Ереже барлық қатысушылар мен жаттықтырушылар үшін міндетті.

## **33. Велоспорт инклюзия (ү., қ.)**

Команда құрамы 6;+2+2+2

| № | Жасы | Қатысушы саны | Жаттықтырушылар | Төреші | Өкіл | Команда құрам |
|---|------|---------------|-----------------|--------|------|---------------|
|---|------|---------------|-----------------|--------|------|---------------|

|    |                           |   |   |   |   |          |
|----|---------------------------|---|---|---|---|----------|
|    |                           |   |   |   |   | <b>Ы</b> |
| 1. | U-17 (2008-2009 ж.т) (Ұ.) | 3 | 1 | 1 | 1 | 6        |
| 2. | U-15(2010-2011 ж.т) (Ұ.)  | 3 | 1 | 1 | 1 | 6        |

Жарысқа 14-17 жастағы спортшылар жіберіледі. 2011-2008 ж. т. спортшылар велоспорт 2026 ж. арналған республикалық және халықаралық жарыстардың регламентінде айқындалған шарттарда жарыстарға жіберіледі.

Жарыстар UCI халықаралық қағидалары бойынша өткізіледі. Команда құрамына кіретін әрбір қатысушы бағдарламаның екі жеке түрі мен екі эстафетада өнер көрсетуге құқылы. Бағдарламаның жеке түрлерінде командадан командалық күрестің сынағына 2 спортшы жіберіледі.

Жарыстың әр түрінде әр аймақтан 1 командадан рұқсат етіледі.

Командалық орын командалардың барлық қатысушылары жинаған ұпайлардың ең көп сомасы бойынша анықталады.

Қатысушы командалар бірыңғай киіммен қатысуға міндетті, оның үлгісін мандат комиссиясынан өткен кезде көрестеді.

### **Жарыс бағдарламасы:**

Әр командадан кем дегенде **1 қатысушы** (тандем 1пилот+1 стокер) келесі санаттар бойынша қатысуға құқылы:

| 1 – күн | <b>Келу күні</b> |   |
|---------|------------------|---|
|         | 16:00            | Мандаттық комиссия  |
|         | 17:00            | Команда өкілдеріне арналған жиналыс                             |
| 2 – күн | 09:00            | Жарыстың ашылуы   |
|         | 10:00            | Жекелей жарыс 15 км – Жас ұлдар 2010-2011 ж.т.                  |
|         | 11:00            | Жекелей жарыс 15 км – Ұлдар 2008-2009 ж.т.                      |
| 3 – күн | 10:00            | Топтық жарыс 40 км – Ұлдар және Жас ұлдар 2010-11, 2008-09 ж.т. |
|         | 12:00            | Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау                        |
|         | 13:00            | Жарыстың жабылуы  |
| 4 - күн | <b>Кету күні</b> |   |

*Гимназида регламентіне  
3 -қосымша*

**26 спорт түрлері бойынша командалық біріншілік  
жеңімпаздарын анықтау үшін ұпай есептеуі**

1. Командалардың спорт түрлері бойынша қатысу бойынша;
2. Медальдық есеп бойынша.

*Гимназида регламентіне  
4 -қосымша*

**ХІІІ жазғы Қазақстан оқушылар  
Гимназиадасына қатысуға  
өтінім**

\_\_\_\_\_ (облысы)

спорт түрі \_\_\_\_\_

| <b>№</b> | <b>Спортшының аты-жөні</b> | <b>Туған жылы</b> | <b>Атағы, разряды</b> | <b>Бағдарлама</b> | <b>Жаттықтырушының аты-жөні</b> | <b>Оқу орнының мекен жайы</b> | <b>Дәрігердің рұқсаты (қолы мөрі)</b> |
|----------|----------------------------|-------------------|-----------------------|-------------------|---------------------------------|-------------------------------|---------------------------------------|
| 1.       |                            |                   |                       |                   |                                 |                               |                                       |
| 2.       |                            |                   |                       |                   |                                 |                               |                                       |
| 3.       |                            |                   |                       |                   |                                 |                               |                                       |
| 4.       |                            |                   |                       |                   |                                 |                               |                                       |
| 5.       |                            |                   |                       |                   |                                 |                               |                                       |

М.О.

Спортшылар жіберілді \_\_\_\_\_

Жаттықтырушы \_\_\_\_\_ (қолы)


Дәрігер \_\_\_\_\_ (қолы)

Облыстық білім беру басқармасының  
басшысы

\_\_\_\_\_ (қолы)

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2026 жыл

*Гимназида регламентіне  
5 -қосымша*



**XIII жазғы Қазақстан оқушылар Гимназиадасының  
ЖЕКЕ КАРТОЧКАСЫ**

Спорт түрі \_\_\_\_\_

(мектептің мөрі фотосуреттің бұрышына қойылады)

М.П.  
мектеп

Аты-жөні. \_\_\_\_\_

Туған жылы \_\_\_\_\_

Спорт разряды \_\_\_\_\_

Оқу орны \_\_\_\_\_

Мектеп директоры \_\_\_\_\_

(Аты-жөні, қолы)